



# Құт дарыған өлкенің

# ҚҰТЫМЫ

## атанған тұлғаны ұмытып кеткен жоқпыз ба?

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезіндегі аласапыран қазақтың жақсы мен жайсаңдарына да ауыр тиді. Жазықсыз абақтыға жабылған Асанбай Асқаров та төрт жылын темір тордың ар жағында өткізді. Асқаровқа жабылған жала кісі шошырлықтай еді. Ілігі жоқ істе, тиянағы жоқ тергеуде оған «Желтоқсан көтерілісін ұйымдастыруға қатысы бар. Барып тұрған ұлтшыл. Пролетарға қарсы партия атын бүркөніп, астыртын өрекеттер жасаған. Бұзақы жастарды бұғаулаудың орнына, «бостандық» идеясымен ауыздандырған» деген секілді айыптарды үйіп-тегіп, ел перзентіне қара күйе жағып, сол арқылы ұлттың рухын сындыруға күш салады. Әрине, сол тұста қара басты ойлап, бұғып қалғандар аз болмаған шығар. Бірақ, қарапайым халық, елдің беделді азаматтары, аймақтың қадірлі қариялары орталыққа

тай. «Еңбектегі ерлігі үшін», «Үздік еңбегі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Құрмет белгісі» орденімен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің, Оңтүстік Қазақстан өлкелік, Шымкент облыстық атқару комитеттерінің Құрмет грамоталарымен марапатталған Құтым Ордабаев 1961-1999 жылдар аралығында Қызылқұм аудандық Кеңесінің депутатылығына 10 дүркін сайланып, Қазақстан мұғалімдерінің II, III, IV, V съездері мен 1968 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық мұғалімдер съезіне делегат ретінде қатысқан. 14 бастауыш ұйымнан тұратын аудандық ардагерлер кеңесіне де ұзақ жылдар бойы төрағалық етті.

Осы тұста Асқаровты ақтауды сұрап, «Социалистік Қазақстанда» жарық көрген

қарапайым халық, елдің беделді азаматтары аймақтың қадірлі қариялары орталыққа Асанбайды ақтауды тез арада бастауды талап еткен арыздар мен шағымдарды хаттар мен өтініштерді толассыз жазып жатты. Солардың бірі отырарлық ел ардақтысы Құтым Ордабаев еді. Құтым қария – советтік саяси репрессияның құрбаны болған «Отырар» ұжымшарының тұңғыш төрағасы Ордабай Бәйімшевтің перзенті.

«Тектіден текті туады» демекші, Ордабайдан туған Құтым қарияны да отырарлықтар шынайы қадірлейді. Қанына тартып қайраткер атанған Құтым Ордабаев кезінде «Асқаров ісі» Алматыдан асып, Фрунзедегі сотта қаралып жатқанда ақиқат үшін араша түскендердің, «15-тің хаты» деген атпен аймаққа тарап, 1990 жылы 21 тамызда «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған әйгілі мақалаға қол қойғандардың бірі. Яғни Шымкент облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Асанбай Асқаровтың халық игілігі, ел болашағы үшін сіңірген өлшеусіз еңбегін өшірмек болып өштесе өршеленгендерге ол саналы түрде қарсы тұрып, қайрат көрсеткен. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Құтым ақсақалды, сол хатқа секемсіз қол қойған С.Өтетілеуов, К.Нарымбетов, О.Бегалиев сияқты кілең Социалистік Еңбек Ерлері бас болған он бес азаматты қалай ардақтасақ та жарасар. Оған қоса өз ауданының ғана емес, тұтас өңірдің құты болған руханият қамқоршысы Құтым Ордабаев Әнұранымыздың авторы, «қазақ валдсінің королі» Шәмші Қалдаяқов мұрасының кеңінен насихатталуына да мұрындық болды. «Шәмші» журналы жанашырының бірі, композитор атындағы ән фестивалінің қолдаушысы ретінде де қалың елдің есінде қалды. Құтым ағаның сексен жылдығына орай арнайы «Ақталған үміт» атты деректі фильмінің түсірілуі де тегін деймісіз?!

Біз білетін, жұрт жадындағы Құтым Ордабаев 1925 жылы Отырар ауданындағы Майлытоғай ауылында дүниеге келген. Бабасы Едіге ел ішінде билік айтып, мешіт ұстаған діндар кісі болыпты. «Үштіктің» үкімімен әкесі Ордабай опат болған соң бала Құтым 12 жасында жетім қалып, ақ-қарасы араласқан сынақ ғұмырда қиянатты да, құрметті де, жоқшылықты да, жақсылықты да қатар көріп өсіпті. 1938 жылы жеті сыныптық мектепті, 1942 жылы Түркістан педагогикалық училищесін бітірген талапты жастың мұнан кейінгі өмірі мен қызметі тұтастай ағарту саласына арналды.

Ұлтымызда «Ұстазыңды ұлы әкөңдей сыйла» деген ұлағат бар. Сол сенімге селкеу түсірмей, саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ағамыз алдымен 1942-1945 жылдары «Отырар», Жамбыл атындағы орта мектептерде мұғалім болып, сонан соң Қызылқұм, Шәуілдір аудандық оқу бөлімдерін бақандай 28 жыл басқарыпты. 2011 жылы зейнеткерлікке шыққан соң Отырар аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы қызметін атқарған ағартушының атақ-абыройы, мақтау-марапаты да бір атанға жүк боларлық-

Осы тұста Асқаровты ақтауды сұрап, «Социалистік Қазақстанда» жарық көрген 15 азаматтың әйгілі хатынан үзінді келтіре кетелік: «Біздер – Шымкент облысы, Қызылқұм ауданында туып-өсіп, еңбек еткен, кезінде майданда қан кешіп, еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен жандармыз. Өзіміз ес біліп, еңбек еткен жылдары облысымыз бен ауданымызға талай бірінші басшылар келіп, азды-көпті еңбек етіп жатты. Бірақ, сол келіп-кеткендердің ішінде облыс тұрғындары үшін өзгеше жағдай жасағандардың бірі – А.Асқаров.

Біраз жылдар бойы Шымкент облысында басшылық қызмет атқарған Асанбай Асқаровтың ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеті жайлы көп айтылып жүр. «Жоспарсыз құрылыстар салынды» деп оған айып тағылды. Ол бұл құрылыстарды өзі үшін емес, халық игілігі үшін салғызғаны түсінікті ғой. Шымкенттің іргесінен орын тепкен демалыс аймағының рахатын қалалықтар күні бүгінге дейін сезініп жүрген жоқ па?! Онда болған әрбір адам Асекеңді құрметпен еске алатыны сөзсіз.

Біздер Асқаровтың, Арғынбековтің еңбек жолын, елге, халыққа жасаған қызметін білетін, көзбен көрген соғыс және еңбек ардагерлеріміз. Олардың басына түскен азап пен тауқыметті естіп, біліп, баспасөз беттерінен оқығаннан кейін қолымызға қалам алып, өзіміздің ой-пікірімізді білдіріп отырмыз. Біз оларды сүттен ақ, судан таза деп отырғанымыз жоқ, пендеде, әрбір қызмет жасаған кісиде кемшіліктер мен ағаттықтар кетуі мүмкін. Бірақ, соның бәрін қара күйе етіп жағып, кемшіліктерінен гөрі елге, Отанға, халыққа пайдалы еңбектері көп азаматтарды Ежов пен Вышинскийдің тергеушілерінше қинаған бүгінгі Калининченко мен Сидоренконы кім деп білеміз?

Сөзіміздің соңында біз Қырғыз ССР Жоғарғы сотының мүшесі жолдас Ибрагимова бастаған сот алқасы осы сот процесін әділдікпен шешіп, аяулы азаматтарды, ел ағаларының азаматтық атын қалпына келтіреді деп сенеміз.

Сондай-ақ, адамды адам деп білмейтін, адам құқын аяққа басып, ел наразылығын тудырып отырған тергеушілер ел-жұрт алдында өшкереленуін талап етеміз.

Қ.Ордабаев, аудандық ардагерлер советінің төрағасы.

С.Өтетілеуов, Социалистік Еңбек Ері, еңбек ардагері.

К.Нарымбетов, Социалистік Еңбек Ері, еңбек ардагері.

О.Бегалиев, Социалистік Еңбек Ері, еңбек ардагері.

(Барлығы 15 адам қол қойған).

Шымкент облысы.

**Асан ҮСІПОВ,**

**Ғалым ҚАСЫМХАН,**

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік**

**Қазақстан университетінің Жоғары**

**оқу орнына дейінгі дайындық**

**орталығының аға оқытушылары.**